

## **Антуан Биденің адвокаттық қызметтеріне ақы төлеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 31 наурыздағы N 271

Қазақстан Республикасының француз банктеріндегі шоттарының тұтқындалуына байланысты Париж Сауда Сотындағы сот процесін табысты аяқтау мақсатында және 1997 жылғы 8 қазанда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен адвокат Антуан Биденің арасында қол қойылған шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылға арналған резерв қоры қаражатының есебінен көрсеткен қызметі үшін Антуан Бидеге алдағы шығыстар мен қаламақының есебінен жалпы сомасы 9 000 (тоғыз мың) АҚШ долларына бара-бар аванс төлеуді жүргізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі